

Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 384 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2579. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 117 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 117 қаулысымен .

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне актуарлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 мамырдағы N 139-III Заңына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енеді...

Төраға

*Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының
2006 жылғы 27 мамырдағы
N 117 қаулысының қосымшасы*

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымдары мен жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы N 384 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2579 тіркелген, 2003 жылы " Казахстанская правда" газетінің N 355-356 жарияланған)...

Ескерту: Қаулының атауына, кіріспесіне толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен .

Банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін лицензиялауды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы қ а у л ы е т е д і :

1. Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы нұсқаулық (осы қаулының 1-қосымшасы) бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен .

2. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін к ү ш і н е е н е д і .

4. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап жеті күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар аудиторларға және аудиторлық ұйымдарға жіберсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) және Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы (Жерембаев Е.Е.) осы қаулыны ресми бұқаралық ақпарат құралдарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз

басылымдарына жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Өтініш берушіге қойылатын
талаптар және банктердің,
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының және жинақтаушы
зейнетақы қорларының аудитін
жүргізуге лицензия беру туралы
өтінішке қоса берілетін
құжаттардың тізбесі туралы
нұсқаулықты бекіту туралы"
2003 жылғы 27 қазандағы
N 384 Қаулысына

1-қосымша

Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы нұсқаулық

Ескерту: Нұсқаулықтың атауына толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен .

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы, "Аудиторлық қызмет туралы", "Лицензиялау туралы" Заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) өтініш берушіге қоятын талаптарын және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесін белгілейді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту, толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен .

2. Лицензияларды бергені үшін мөлшері мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалатын лицензиялық алымдар алынады.

3. Уәкілетті орган берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, қайтарылып алынған лицензиялардың тізілімін жүргізеді.

4. Лицензиялар осы Нұсқаулықтың 1, 2, 2-1-қосымшаларына сәйкес беріледі.

Ескерту: 4-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен .

5. Лицензия беру, беруден бас тарту, қолдануды тоқтата тұру және қайтарып алу туралы рұқсатты уәкілетті органның Басқармасы қабылдайды.

2-тарау. Өтініш берушіге қойылатын талаптар және лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі

6. Аудиторлық ұйым лицензия алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар ұ с ы н а д ы :

1) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген нысан бойынша өтініш;
2) лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;
3) заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;

4) осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрылтайшылар (акционерлер) туралы мәліметтер;

5) құрылтай құжаттарының барлық өзгерістерімен және қосымшаларымен бірге оларға әділет органдарының белгісі қойылған нотариат куәландырған көшірмесі ;

6) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі берген лицензияның нотариат куәландырған көшірмесін;

7) осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аудиторлық ұйымның басшысы (оның орынбасарлары) туралы мәліметтер;

8) осы Нұсқаулықтың тиісінше 9, 10 және 10-1-тармақшаларындағы талаптардың орындалуын растайтын мәліметтер;

9) аудиторлық ұйымның құрамына кіретін және уәкілетті органның лицензиясы бар аудиторлар туралы мәліметтер.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 128 қаулысымен .

7. Лицензия алу үшін аудитор мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

3) аудитордың Аудиторларды аттестациялау жөніндегі біліктілік комиссиясы берген біліктілік куәлігінің нотариат куәландырған көшірмесі;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

5) уәкілетті органда тесттен өтудің оң нәтижелерін растайтын құжаттар;

6) жоғары экономикалық немесе математикалық білімді растайтын білім туралы дипломның нотариат куәландырған көшірмесі не осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша аудиторлық немесе қаржы ұйымдарында соңғы бес жылда кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер.

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен, 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 128 қаулысымен.

8. Уәкілетті орган лицензияны осы Нұсқаулықта көзделген қажетті құжаттарымен бірге өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күндік мерзімнен кешіктірмей береді.

9. Аудиторлық ұйымның құрамында банктердің аудитін жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы бар кемінде екі аудитор болған кезде оған банктердің аудитін жүргізуге лицензия беріледі.

10. Аудиторлық ұйымның құрамында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аудитін жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы бар кемінде екі аудитор болған кезде оған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның аудитін жүргізуге лицензия беріледі.

10-1. Аудиторлық ұйымның құрамында жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы бар кемінде екі аудитор болған кезде оған жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия беріледі.

Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен.

11. Банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия аудиторға уәкілетті органда тесттен өткеннен кейін беріледі.

Ескерту: 11-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен .

12. Қазақстан Республикасының заңдарын білуге тестілеу компьютерлік сұрау нысанында аудитордың тест сұрақтарына ұсынылған жауаптарының бірін таңдау арқылы жүзеге асырылады.

Тест сұрақтарын уәкілетті органның Төрағасы немесе Төрағаның орынбасары бекітеді және біреуі дұрыс болып табылатын жауаптардың кемінде үш нұсқасы бо л у ы т и і с .

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 128 қаулысымен .

12-1. Аудитор тестілеуге келмей қалған жағдайда, ол уәкілетті органға оның болмай қалу себептері туралы тестілеуді өткізу күніне дейін екі күн бұрын х а б а р д а р е т у г е т и і с .

Ескерту: 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 128 қаулысымен .

13. Тесттен өткізу кезінде қандай да болмасын жазбаша, электрондық немесе басқа ақпараттық материалдарды қолдануға жол берілмейді. Осы тармақта жазылған талаптарды бұзу тесттен өткізудің теріс нәтижесіне теңестіріледі. Қажет болған кезде уәкілетті орган алдын ала жазбаша өтінім бойынша тесттен өтінушінің қарамағына мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілдерін меңгерген аудармашы ұсынады.

14. Егер аудитордың тест сұрақтарына дұрыс жауаптары жетпіс және одан көп процентті құраса, тесттен өткізу нәтижесі оң болып танылады.

14-1. Лицензия беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде бір айдан кейін, бірақ жылына үш реттен артық емес қайталап тестілеуді ө т к і з у г е р ұ қ с а т б е р і л е д і .

Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 128 қаулысымен .

15. Мынадай негіздердің кез келгені бойынша лицензия беруден бас т а р т ы л у ы м ү м к і н :

1) өтініш беруші жататын субъектілердің санаттары үшін аудиторлық қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым с а л ы н с а ;

2) өтініш беруші осы Нұсқаулыққа сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұ с ы н б а с а ;

3) лицензиялық алым төленбесе;

4) өтініш берушіге қатысты оған аудиторлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салатын соттың шешімі болса.

16. Уәкілетті орган лицензия беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір апта мерзімде өтініш берушіге лицензия беруден жазбаша түрде дәлелді бас тарту жібереді.

3-тарау. Қорытынды ережелер

17. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

17-1. Аудиторлық ұйымдар және аудиторлар он күндік мерзімде осы Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көзделген лицензияны алу үшін ұсынылған құжаттардағы өзгерістер жөнінде уәкілетті органды хабардар етеді.

Ескерту: 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 сәуірдегі N 128 қаулысымен .

Өтініш берушіге қойылатын
талаптар және банктердің,
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының және жинақтаушы
зейнетақы қорларының аудитін
жүргізуге лицензия беру туралы
өтінішке қоса берілетін құжаттардың
тізбесі туралы нұсқаулыққа

1-қосымша

Уәкілетті орган
(Қазақстан Республикасының мемлекеттік
елтаңбасы бейнеленген бланкте басылады)

**Банктердің аудитін жүргізуге
Л и ц е н з и я**

лицензияның нөмірі _____

(аудиторлық ұйымның толық атауы не аудитордың аты-жөні)

_____ берілді.

Аудиторлық ұйымның орналасқан жері
(Аудитордың тұрғылықты жері)

Лицензия Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

Лицензия берілген күн 2003 жылғы " __ " _____.

Төраға (Төрағаның орынбасары)

Қолы

Мөр орны

Алматы қ.

Өтініш берушіге қойылатын
талаптар және банктердің,
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының және жинақтаушы
зейнетақы қорларының аудитін
жүргізуге лицензия беру туралы
өтінішке қоса берілетін құжаттардың
тізбесі туралы нұсқаулыққа

2-қосымша

Уәкілетті орган

(Қазақстан Республикасының мемлекеттік
елтаңбасы бейнеленген бланкте басылады)

**Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының аудитін жүргізуге
Л и ц е н з и я**

лицензияның нөмірі _____

(аудиторлық ұйымның толық атауы не аудитордың аты-жөні)
берілді.

Аудиторлық ұйымның орналасқан жері
(Аудитордың тұрғылықты жері)

Лицензия Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

Лицензия берілген күн 2003 жылғы " __ " _____.

Төраға (Төрағаның орынбасары)

Қолы

Мөр орны

Алматы қ.

Өтініш берушіге қойылатын
талаптар және банктердің,
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының және жинақтаушы
зейнетақы қорларының аудитін

жүргізуге лицензия беру туралы
өтінішке қоса берілетін құжаттардың
тізбесі туралы нұсқаулыққа

2-1-қосымша

*Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004
жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен .*

Уәкілетті орган
(Қазақстан Республикасының мемлекеттік
елтаңбасы бейнеленген бланкте басылады)

**Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге
ЛИЦЕНЗИЯ**

лицензияның нөмірі _____

(аудиторлық ұйымның толық атауы не аудитордың аты-жөні)
_____ берілді.

Аудиторлық ұйымның орналасқан жері
(Аудитордың тұрғылықты жері)

Лицензия Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.
Лицензия берілген күн 200__ жылғы " __ " _____.

Төраға (Төрағаның орынбасары)

Қ о л ы

Мөр орны

Алматы қаласы

Өтініш берушіге қойылатын
талаптар және банктердің,
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының және жинақтаушы
зейнетақы қорларының аудитін
жүргізуге лицензия беру туралы
өтінішке қоса берілетін құжаттардың
тізбесі туралы нұсқаулыққа

3-қосымша

*Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004
жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен .*

Құрылтайшылар (акционерлер)
туралы мәліметтер

(аудиторлық ұйымның толық атауы)

1. Құрылтайшы _____
(заңды тұлғаның толық атауы; жеке тұлғаның аты-жөні)

2. Орналасқан жері (тұрғылықты жері)

(почта индексі және мекен-жайы, телефоны, факсы)

3. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы
м ә л і м е т т е р

(құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, кім берген)

4. Заңды тұлға қызметінің түрі _____

5. Қазақстан Республикасының резиденті болып табыла ма (резидент емес үшін қандай елдің резиденті болып табылатынын көрсету керек)

6. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының иелігінде және/немесе пайдалануында және/немесе иеленуінде акциялардың (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) болуы туралы мәліметтер:

(толық атауы және тіркеліп орналасқан жері)

(қызметінің негізгі түрлері)

әрбір заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлесі (10% астам))

(заңды тұлға басшысының қолы)

заңды тұлғаның мөрі

Өтініш берушіге қойылатын
талаптар және банктердің,
сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының және жинақтаушы

зейнетақы қорларының аудитін
жүргізуге лицензия беру туралы
өтінішке қоса берілетін құжаттардың
тізбесі туралы нұсқаулыққа

4-қосымша

*Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004
жылғы 21 тамыздағы N 244 қаулысымен .*

**Аудиторлық ұйымның басшысы
(оның орынбасарлары)**

туралы мәліметтер

(а т ы - ж ө н і)

(аудиторлық ұйымның атауы)

Т у ғ а н

к ү н і

Білімі

Жоғары, орта арнаулы оқу орнының атауы,
мамандығы, аяқтаған жылы, біліктілігін арттыру
курстары, курстардың тақырыптары, өткен уақыты
(құжаттардың нотариат куәландырған
көшірмелерін қоса беру керек)

қ а р ж ы

с а л а с ы н д а ғ ы ,

а у д и т о р л ы қ

ұ й ы м д а ғ ы

ж ұ м ы с

с т а ж ы

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

N Жұмыс кезеңі (ай, жыл) Ұйымның атауы, атқаратын лауазымы

1

2

3

Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының,

жинақтаушы зейнетақы қорларының тікелей немесе жанама иелігіндегі және/немесе пайдалануындағы және/немесе иеленуіндегі акциялар (жарғылық капиталына қатысу үлестері) туралы мәліметтер:

N	Атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің түрлері	Сомасы және сіздің қатысу үлесіңіз
---	----------------------------	--------------------------------	------------------------------------

1

2

3

Сізде заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып тасталмаған сотталғандығыңыз бар ма - иә/жоқ

Сіз банктік, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне байланысты құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылдыңыз ба - иә/жоқ

Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат (қалауы бойынша толтырылады) _____

(заңды тұлға басшысының қолы)

заңды тұлғаның мөрі

Өтініш берушіге қойылатын талаптар және банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензия беру туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі туралы нұсқаулыққа

5-қосымша

Мен _____

(а т ы - ж ө н і)

(аудиторлық ұйымның атауы)

Т у ғ а н

к ү н і

Білімі

Жоғары, орта арнаулы оқу орнының атауы,
мамандығы, аяқтаған жылы, біліктілігін арттыру
курстары, курстардың тақырыптары, өткен уақыты
(құжаттардың нотариат куәландырған
көшірмелерін қоса беру керек)

қ а р ж ы

с а л а с ы н д а ғ ы ,

а у д и т о р л ы қ

ұ й ы м д а ғ ы

ж ұ м ы с

с т а ж ы

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

N Жұмыс кезеңі (ай, жыл) Ұйымның атауы, атқаратын лауазымы

1

2

3

Сізде заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып
тасталмаған сотталғандығыңыз бар ма - иә/жоқ

Сіз банктік, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметіне
байланысты құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке
тартылдыңыз ба - иә/жоқ

Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат
(қалауы бойынша толтырылады)

Аудитордың қолы

Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі Басқармасының "Өтініш

берушіге қойылатын талаптар және

банктердің, сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымдарының және

жинақтаушы зейнетақы қорларының

аудитін жүргізуге лицензия беру туралы

өтінішке қоса берілетін құжаттардың
тізбесі туралы нұсқаулықты бекіту
туралы" 2003 жылғы 27 қазандағы
N 384 қаулысына

2-қосымша

**Күші жойылды деп танылған нормативтік
құқықтық актілерінің тізбесі**

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу құқығына лицензия беру, жою және уәкілетті аудиторларға қойылатын талаптар туралы ереже жөнінде" 1996 жылғы 29 ақпандағы N 49 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 441 тіркелген, 1996 жылғы 31 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында N 10 (26) жарияланған);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу құқығына лицензия беру, жою және уәкілетті аудиторларға қойылатын талаптар туралы ережеге толықтыру енгізу жөнінде" 1997 жылғы 24 қаңтардағы N 24 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 441 тіркелген, 1996 жылғы 31 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында N 10 (26) жарияланған);

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктік аудитті ұйымдастыру бойынша курстар жүргізу, сондай-ақ банктік қызметке аудит жүргізуге арналған лицензия алуға үміткерлерді сынақтан өткізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 25 маусымдағы N 142 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 876 тіркелген);

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудитін лицензиялау, лицензияның қолданылуын тоқтату және қайтарып алу ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 93 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1581 тіркелген, 2001 жылғы 16-29 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында N 15 (212) жарияланған).

